



КМҚК «Шағала» бөбекжай-бақшасы

Вариативтік компонент «Менің туған өлкем және экология»

Мектепалды даярлық тобы «Айгөлек»

2020-2021 оқу жылы

Түсіндірме хат

Қазіргі таңдағы экологиялық қарама- қайшылықтардың ғаламшарлық деңгейде күрделенуіне орай мәдениеттің жаңа түрі- экологиялық мәдениетті қалыптастыру міндеті ерекше мәнге ие болып отыр. Балабақшада балалардың экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыруда экологиялық білім мен тәрбие берудің педагогикалық мүмкіндіктерінің мол екендігі дәлелденді. Экологиялық мәдениеттің сипаты экологиялық білімнің тереңдігімен, қажеттілік, ұмтылыс, біліктілік пен әдеттің даму дәрежесімен, табиғатты қорғаудың ұлттық дәстүрлерін меңгерумен анықталады, сондықтан балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін тәрбиеші, педагог әдіскердің, ата-аналардың педагогикалық біліктілігі мен логикалық және эмоционалдық жақтарына басты назар аудару қажеттілігі айқындалды. Бала, ата-ана, тәрбиешілермен жүргізілген балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар табиғатқа саналы көзқарасын дамытуда тиімді болып саналады.

Ұсынып отырған проблема өте күрделі болғандықтан, инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және т.б. келелі мәселелер өз алдына дербес зерттеуді қажет ететінін атап өткен жөн. Біздің алдымызда тұрған басты міндет мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, мектепке дейінгі мекемелерде оқу тәрбиелеу жұмыстарының тиімді жолдарын іздестірің. Балабақшада балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жұмыстардың түрлі формаларын ұйымдастыруға болады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті осы жұмыстардың негізгі формасы десек, оның құрылымына инновациялық технологияларды қолдануға толық мүмкіндік бар. Мәселен, мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті ойын десек, онда *ойын технологиясы* басымдық танытады. Экологиялық дидактикалық ойындар балалардың осы саладағы

түсінігін қалыптастырып, бекітіп, адамгершілікке тәрбиелейді. Вариативтік компонент негізі Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарттарының мақсат талаптарына сәйкес әзірленді.

Мақсаты:

Жеке тұлғаның өз туған өлкесін танып білуін дамыту,ынтымақтастық, қоршаған ортаға қамқорлық көрсету, бастамшылдық, дербестік,тәуелсіздік, ашықтық, әлеуметтік икемділік, мәдениетті және экологиялық сауаттылықты қалыптастыру. Туған жерін, елін сүйюге, оның әрбір тіршілік иесін қорғай білуге, туған өлкесі туралы мақтанышпен айта білуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- табиғат нысандары мен құбылыстарын бақылау білігі мен дағдыларын қалптастыру;
- табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін жетілдіру;
- туған өлкеміз жайлы балалардың ой- өрісін кеңейту- эстетикалық талғамын қалыптастыру;
- экологиялық тәрбие мен білім берудің тиімділігін арттыру және оң нәтижеге қол жеткізу;

**Вариативтік компонент тақырыбы: «Менің туған өлкем және экология»
Мектепалды даярлық тобы .**

p\с	Тақырыптар	Мақсаты
1 3.09	«Табиғат – туған анамыз»	Мақсаты: балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту, Жер – біздің ортақ үй екенін, мұнда өзен, көл, теңіз бен мұхит, тау, жазық дала, орман мен алқаптар бар екенін түсіндіру. Оларды қорғауға тәрбиелей отырып балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру.
2 10.09	«Менің туған өлкем»	Мақсаты: балалардың туған жер, қала және облыс, туған өлкенің құндылықтары мен әсемдігі туралы білімін кеңейту, өлкенің пайдалы қазба- лары туралы алынған білімін бекіту, суреттер бойынша тануға және туған жердің көрікті жерлері мен көшелері туралы айта білуге үйрету. Өлкеміздің елдік, ерлік дәстүрін ұрпақ санасына сіңіре білу.
3 17.09	«Жайнай бер, менің Атырауым!»	Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырын интеллектуалды қабілеттерін дамыта отырып сүйікті қаламыз Атыраумен таныстыру.сөздік қорларын толықтыру. Оны мақтанышпен айтып жүруге тәрбиелеу.
4	«Жайық өзені»	Мақсаты: Балаларды өлкемізді гүлдендірген – Жайық өзенімен таныстыру. Туған өлкеміздің қайнар бұлағы Жайық өзеніне деген мақтаныш сезімдерін ояту. Сөздік қорларын кеңейту.

	24.09	
5	«Каспий теңізі» 01.10	Мақсаты: Ежелден тоғыз жолдың торабында жатқан өлкеміздің бір бөлігі, толқынды – «Каспий» теңізімен таныстыруды дамыту
6	«Туған өлкемнің байлықтары» 08.10	Мақсаты: -туған өлкені зерттеуге қызығушылықты, қорытынды жасай білуді дамыту.Туған өлке табиғатына мақтаныш, сүйіспеншілік, жауапкершілік сезімдерін, оның байлығына, оған қамқорлықпен қарауды тәрбиелеу.
7	«Қара алтын - Мұнай» 15.10	Мақсаты: өлкеміздің байлығы,өнеркәсіптің маңызды саласы, жарқын болашаққа деген сеніміміздің тірегі қара- алтынымыз мұнаймен таныстыру.
8	«Каспий мен Жайықты мекендеген балықтар» 22.10	Мақсаты:өлкемізде мекендейтін балықтар мен таныстыру. Оларды қорғауға тәрбиелей отырып балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру.
9	«Мал шаруашылығы» 29.10	Мақсаты: Балалардың үй жануарлары және олардың төлдері туралы, өздеріне таныс жануарлардың сыртқы ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру.,өлкемізде мал шаруашылық түрлері жақсы дамыған екендігін түсіндіру.
10	«Егін шаруашылығы» 05.11	Мақсаты:Бау – бақшада, егістік алқабында нелер бар?» Өлкемізде егін шаруашылығы қалай дамыған, бау- бақшада, егістік алқабында нелер өседі?.Оларды ажырата білуге, соның ішінде өлкемізде өсетін жемістер мен көкөністердің ерекшеліктерімен таныстыр у.Балаларды өзге адамдардың іс әрекетін бақылауды үйрету.Туған өлкенің кейбір көкөністері жемістері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру

11	Сурет бойынша әңгіме. Тіл жаттығуы «Тынымсыз тіл туралы ертегі»12.11	.Мақсаты:-Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау, оларға қамқорлық жасау дағдыларын жетілдіру. -Құстармен жәндіктер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. -Балаларды өлкемізде мекендей –тін құстармен таныстыру. Олардың ерекшелігі -не мақтанышпен қарауға, оларға қамқор болуға тәрбиелеу
12	«Құстың жұмыртқасын сындырма » 19.11	Мақсаты: -Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау, оларға қамқорлық жасау дағдыларын жетілдіру. -Құстар туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Оларды қорғауға тәрбиелеу.
13	«Өрт тілсіз жау» 26.11	Мақсаты: -қоршаған ортада қауіпсіздік ережесін сақтауға тәрбиелеу.- Қоршаған ортаның нысандарына эмоционалды, жағымды қамқорлықпен қарауды қарастыру.
14	«Өлкемізде мекендейтін жабайы жануарлар» 03.12	Мақсаты: өлкеміз де мекендейтін жабайы жануарлармен таныстыру.олардың сыртқы келбеті. Қозғалу және қоректену тәсілдер, ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру.
15	«Өлкемізге қыс келді» 10.12	Мақсаты: жылдың қыс мезгілінде балаларды шымыр болуға, қармен ойнауға, мұзда сырғанауға, аққала жасауға, шаңғы, коньки мен шанамен сырғанауға баулу , өлкеміздің қысқы ерекшеліктерімен таныстыру,қардың пайдасы балаларда жанашырлық сезімін, көмек көрсету ниетін тәрбиелеу, аңдар мен құстардың қыстауы, көптеген құстар мен аңдарда жаңа қауырсын мен жүн өсетіні, түстері өзгередіні, көптеген жабайы аңдардың ұйқыға жататыны, орманды мекендейтіндер суықтан қарда қорғанатыны туралы білім алу.
16	«Құстардың қысқы тіршілігі» 24.12.	Мақсаты: балалардың табиғат пен оны мекендеушілерге танымдық қызығушылығын, жылы жаққа ұшпай, туған өлкесінде жыл бойы қалатын қыстайтын құстар туралы, олардың қыста азық табу қиындығы, оларға қиын кезде көмек көрсету қажеттігі туралы танымын қалыптастыру.
17	«Үй жануарларының қысқы тіршілігі» 31.12	Мақсаты: Үйжануарларының қысқы тіршілігі туралы мағлұмат беру. Олардың жабайы жануарлардан айырмашылығын түсіндіру. Оларға деген қамқорлық сезімін ояту. Оларға әршапан көмек беруқажеттілігі туралы танымын қалыптастыры жалғастыру.

18	«Аңдардың қысқы тіршілігі» 14.01	Мақсаты: -Өлкемізден шыққан жабайы аңдармен таныстыру. -балаларда жанашырлық сезімін, көмек көрсету ниетін тәрбиелеу, аңдар мен құстардың қыстауы, көптеген құстар мен аңдарда жаңа қауырсын мен жүн өсетіні, түстері өзгертетіні, көптеген жабайы аңдардың ұйқыға жататыны, орманды мекендейтіндер суықтан қарда қорғанатыны туралы білім алу.
19	«Мұз астындағы балықтар» 21.01	Мақсаты: -Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау, оларға қамқорлық жасау дағдыларын жетілдіру. -мұз астындағы балықтардың тіршілігімен таныстыру. Оларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу
20	«Өлкемізден шыққан еңбек ардагерлері» 28.01	Мақсаты: -Өлкемізден шыққан еңбек ардагерлерімен таныстыру. Олардың еңбектерін мақтанышпен айтып жүруге тәрбиелеу.
21	1836-1838ж Ұлт азаттық көтерілісінің басшылары.« Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманов менің өлкемнің майталмандары» 04.02	Мақсаты: Қазақтың күреске толы тарихы туралы айтсақ Исатай мен Махамбет еске түседі. өлкеміздің тарландарымен таныстыру. Оларды мақтан етуге тәрбиелеу. Жырларын жатқа айтуға дағдыландыру.
22	«Өлкемізден шыққан күйшілер» 11.02	Мақсаты: Өнер тарландары Құрманғазы мен Динамен таныстыру. Оларды мақтан етуге тәрбиелеу.
23	«Жер. Ол қандай екен?»	Мақсаты: Қоршаған ортадағы- табиғат ресурстары туралы түсініктерін қалыптастыру. Қоршаған ортадағы заттарды,кеңістікті бағдарлауды

	18.02	игерту,зерттей білуді қалыптастыру.
24	«Ауа» «Жердің –ауа қабаты» 25.02	Мақсаты: Қоршаған ортадағы- табиғат ресурстары туралы түсініктерін қалыптастыру. Қоршаған ортадағы заттарды,кеңістікті бағдарлауды игерту,зерттей білуді қалыптастыру.
25	«Су. Ол қандай екен?» 04.03	Мақта: Қоршаған ортадағы- табиғат ресурстары туралы түсініктерін қалыптастыру. Қоршаған ортадағы заттарды,кеңістікті бағдарлауды игерту,зерттей білуді қалыптастыру.
26	«Күн. Ол қандай екен?» 11.03	Мақсаты: Қоршаған ортадағы- табиғат ресурстары туралы түсініктерін қалыптастыру. Қоршаған ортадағы заттарды,кеңістікті бағдарлауды игерту,зерттей білуді қалыптастыру.
27	«22-Наурыз күнінің ерекшелігі» 18.03	Мақсаты: Күн мен түннің теңелуін түсіндіру.Табиғаттағы маусымдық өзгерістер, көктем мезгілінде ауа-райының жағдайларын бақылау және анықтай білуді жетілдіру. Зерттеу дағдыларын, экологиялық мәдениетін қалыптастыру
28	«Қош келдің өлкемізге әз – Наурыз!» 25.03	Мақсаты: Наурыз мерекесі, қазақ халқының салттары мен дәстүрлері, бұл Қазақстан халқының мерекесі екендігі туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Ауызекі сөйлеуді, зейінді, есті, көргені туралы айта білуді дамыту. Туған өлкеге, қазақ халқының дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу.
29	«Көктем келді» 01.04	Мақсаты:Табиғаттағы маусымдық өзгерістер, көктем мезгілінде ауа-райының жағдайларын бақылау және анықтай білуді жетілдіру. Табиғаттың болжау қағидаларымен таныстыру.
30	«Өлкемізге құстар қайта оралды» 08.04	Мақсаты: Құстардың маусымдық ерекшеліктерге байланысты қайта оралатынын түсіндіру. Оларға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.
31	«Тірі және өлі табиғат» 15.04	Мақсаты: Өлі және тірі табиғат туралы білімдерін қалыптастыру.табиғат құбылыстарын қызығушылықтарын тәрбиелеу,дағдыларын қалыптастыру.
32	«Ағаштар бүршік атты»	Мақсаты.Жергілікті аймақта өсетін 2-3 ағаштарды түрлерін танып атауға үйрету. Табиғат құбылыстарына қызығушылықты,өсімдіктерге

	22.04	сүйіспеншілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбелеу. Заттарды ,өсімдіктерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру.
33	«Көкті жұлма» 29.04	Мақсаты: - -өсімдіктерді күте білуге тәрбиелеу, өсімдіктерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.
34	«Сарайшық» тарихи өлке тану мұражайына саяхат.(бейне таспамен)	Мақсаты: Өлкеміздің тарихи өлке тану мұражайымен таныстыру, мәдени танымдарын қалыптастыру.
35	«Ұлы – Отан соғысының батырлары»	Мақсаты:өлкемізден шыққан Ұлы -Отан соғысының ардагерлерімен таныстыру. Оларға тағзым ете білуге тәрбиелеу.
36	«Жазда келді көңілді өлкемізге»	Мақсаты: табиғат әлемінің көпқырлылығы туралы білімдерін кеңейту, табиғатпен үйлесімді болу, экологиялық сана, салауатты өмір салтының негіздері, ағзаны шынықтыру қажеттілігін қалыптастыру және эмоционалдық-жігер қасиеттерін тәрбиелеу

КМҚК «Шағала» бөбекжай-бақшасы

Вариативтік компонент тақырыбы: «Менің өлкем және экология»

Мектепалды «Айгөлек» тобы.

2020-2021 оқу жылы